



ТҰРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№18

(2397)

Сәрсенбі

4 наурыз

2026 жыл

Газет

2003 жылдың

5 қаңтарынан

шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АРАЛАП, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов жұмыс сапарымен Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр, Ғ. Мұратбаев, Абай ауылдары мен Қазалы қаласына барып, тұрғындармен кездесу өткізді.

Кездесулерде аудан басшысы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен өңірде инфрақұрылымды жаңғырту, жол жөндеу, ауызсу және электр желілерін жаңарту, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндады. Биылғы жылы жүзеге асырылатын жоспарлар, жаңа жобалар мен алдағы кезеңге белгіленген басым бағыттар туралы толық айтты. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының Сыр өңірінде өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысындағы маңызды шешімдері, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ата Заңына жалпыхалықтық референдум арқылы өзгерістер енгізу, Конституциядағы



адамға бағытталған жаңа өзгерістер жайында тұрғындарға кеңінен түсіндіріп өтті. Осы ретте, аудан басшысы Жаңа Конституция жобасын қолдауда тұрғындардың белсенділік танытып, бірлік пен ауызбіршіліктің үлгісін көрсетуге, елдің жарқын болашағы жолында ортақ жауапкершілік танытуға шақырды.

Аудан басшысы өз сөзінде ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыру, халықтың табысын көбейту және шағын

кәсіпкерлікті дамыту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Осы орайда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай және ұйымдастырушылық қолдау тетіктері, жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобалар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауап беріп, көтерілген

ұсыныстар мен мәселелер тікелей бақылауында болатынын айтты.

Кездесулерде аудан басшысы Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы жұмыстарға тоқталып, құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және «ішімдіксіз ауыл» бағытындағы жобалардың маңызын атап өтті. Тұрғындарды қоғамдық тәртіпті нығайтуға және аталған бастамаларға белсенді қолдау көрсетуге шақырды.

Сапар аясында аудан әкімі елді мекендер мен Қазалы қаласында орналасқан референдум учаскелерін аралап, олардың материалдық-техникалық дайындығымен, дауыс беру барысын ұйымдастыруда атқарылған жұмыстармен танысты. Учаскелердің қолжетімділігі, қауіпсіздік талаптарының сақталуы, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған жағдайлар да назардан тыс қалмады.

АЛДАҒЫ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте Наурыз айындағы мерекелік күндері коммуналдық салалардың үздіксіз жұмыс істеуі, қоғамдық саяси ахуал, аудан көлемінде тазалық жұмыстарын ұйымдастыру сынды бірқатар өзекті мәселелер талқыланды.

Мәжілісте алдымен қалың түскен қарды уақытылы тазалау, алдағы күндері ауа райының жылынуына байланысты еріген қар суларын тазарту, көшелерді су басу қаупінің алдын алу шаралары қаралды. Бұл бағытта аудандағы барлық мекемелер, кәсіпорындары жұмылдырылып, арнайы техникаларды толық дайындыққа келтіріп, ортақ іске бірлесе атсалысу жөнінде тапсырма берілді.

Жиында алда өтетін Наурыз айындағы мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Аудан әкімі мерекелік күндерде қоғамдық



тәртіпті сақтау, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі орта қалыптастыру – барша салаға ортақ міндет екенін атап өтті.

Демалыс және мерекелік күндері коммуналдық салалардың тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуі де мәжілістің басты тақырыптарының бірі болды. Атап айтқанда, су, жарық және жылу жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету – халыққа көрсетілетін ең маңызды қызмет екені айтылды.

– Демалыс халыққа берілген, біз ел үшін, халық үшін қызмет етуіміз керек. Әрбір сала тұрғындардың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұмытпауымыз қажет, – деген аудан басшысы осы бағытта барлық жауапты бөлімдерге қатаң бақылау орнатуды тапсырды.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалу барысы да қаралды. Әр салада

бекітілген жоспарлардың орындалуы, көрсеткіштердің сапалы әрі уақтылы жүзеге асырылуы бойынша тиісті басшыларға нақты міндеттер жүктелді.

Қазіргі таңда салынып жатқан құрылыс нысандарының барысы және биылға жоспарланған елді мекендерді газдандыру жобаларын жыл соңына дейін толық аяқтау мәселелері көтерілді.

Мәжілісте қоғамдық-саяси ахуал да назардан тыс қалмады. Тұрғындармен кері байланысты нығайту, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және кез келген мәселені дер кезінде шешу – жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті екені атап өтілді.

Жиын соңында аудан әкімі барлық қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне өз аймақтары бойынша тазалық, абаттандыру жұмыстарын осы кезден бастап қолға алу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы**

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

БЮЛЛЕТЕНЬ ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума
Республики Казахстан**

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. септен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы**

ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право на участие в референдуме.

При необходимости внести какие-либо изменения Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума. В случае перемены гражданином места своего пребывания он вправе с 27 февраля 2026 года до 18 часов 14 марта 2026 года получить открепительное удостоверение на основании заявления в участковую комиссию референдума. Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

При предъявлении открепительного удостоверения участковая комиссия референдума в день голосования включает гражданина в список на участке его пребывания. Открепительное удостоверение не выдаётся гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населённого пункта.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума
Республики Казахстан**

• Тұлға

СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ ТӘРТІБІ

Қазіргі таңда қазақстандық азаматтар шетелде білім алу, жұмысқа орналасу, некеге тұру немесе көші-қон рәсімдерін жүргізу кезінде сот органдарынан алынған ресми құжаттарды ұсынуға жиі мәжбүр болады. Мұндай жағдайда құжаттардың заңды күшін шетел мемлекеттерінде тану үшін апостиль қою рәсімі талап етіледі.

Апостиль – бұл құжаттың түпнұсқалығын, оған қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін және мөрдің шынайылығын растайтын арнайы мөртаңба. Ол құжатты шетелде заңдастырудың жеңілдетілген тәсілі болып табылады.

Бұл тәртіп Гаага конференциясы аясында 1961 жылғы Гаага конвенциясына қосылған мемлекеттер арасында қолданылады. Қазақстан аталған конвенцияға қосылғандықтан, біздің елден берілген құжаттарға апостиль қою арқылы оларды конвенцияға мүше елдерде қосымша консулдық заңдастырусыз пайдалануға болады.

Сот органдарынан берілетін және шетелде ұсынылуы мүмкін құжаттарға мыналар жатады:

- Сот шешімдері мен үкімдері.
- Сот актілерінің көшірмелері.
- Соттың заңды күшіне енгені туралы анықтамалары.
- Атқарушылық парақтар.
- Архивтік сот құжаттары.

Маңыздысы – құжат заңды күшіне енген болуы және тиісті тәртіппен рәсімделуі қажет.

Қазақстанда сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Апостиль қою үшін:

1. Өтініш беріледі;
2. Құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады;
3. Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі тапсырылады;
4. Мемлекеттік баж төленеді.

Өтінішті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы немесе электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады.

Құжаттарды қарау мерзімі әдетте бірнеше жұмыс күнін құрайды. Алайда нақты мерзім өтініш берілген өңірге және құжаттың түріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Кейбір құжаттарға апостиль қойылмайды. Мысалы:

- Коммерциялық немесе кедендік сипаттағы құжаттар;
- Дипломатиялық және консулдық мекемелердің құжаттары;
- Конвенцияға қатыспайтын елдерде пайдаланылатын құжаттар (мұндай жағдайда консулдық заңдастыру талап етіледі).

Шетелге құжат тапсырар алдында қабылдаушы мемлекеттің талаптарын нақтылап алған жөн. Кей елдер құжаттың нотариалды аудармасын да талап етеді. Сонымен қатар, құжаттың жарамдылық мерзіміне назар аудару қажет.

Апостиль – халықаралық құқықтық қатынастарда құжаттардың заңдылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Сондықтан сот органдарынан алынған ресми құжаттарды дұрыс рәсімдеу және уақтылы апостиль қою азаматтардың шетелдегі құқықтарын қорғауда шешуші рөл атқарады.

**Сұлтан ЖҮНІС,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің жетекші маманы**

ҒҰМЫРЫН ШӘКІРТТЕРІНЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ІСІНЕ АРНАҒАН МЕКТЕП БАСШЫСЫ

Иә, Жандәулет ағаның балғын балалық шағы Ұлы Отан соғысының қиын кезеңдерімен тұспа-тұс келіп, жастайынан қара жұмысқа жегілді. Мектептегі сабағын оқып болған соң колхоздың егінін жинау, масақ теріп, тарыны торғайдан қорып, жер жырту, шөп шабу жұмыстарына қолғабыс берді. Сөйтіп, ерте есейген балалар қатарынан табылды. Және де ата-анасы тұмысынан сабырлы, ойлы, ісіне пісентті ортаншы баласына үй шаруасында жүктеп қоятын. Тапсырылған жұмысты мұнтаздай етіп орындап, сабағын да жақсы бағаларға үлгіріп жүретін зерделі ұлына ескіше сауаты бар, бес уақыт намазын қаза қылдырмайтын сарабалда әке үлкен үміт артатын. Болашағына сеніммен қарайтын.

Жастайынан қиындықпен шыңдалып өскен, алдына биік мақсат қойған бозбала 1956 жылы орта мектепті үздік бағалармен бітірді. Ол мектепте оқып жүргенде әкесінің «жоғары білім аласың, мұғалімдік мамандықты таңдайсың» деген қалауы бар-ды. Бұл таңдаудың өзінің мақсатымен үйлес шыққаны бозбаланы қуанышқа бөледі. Жандәулеттің өз қалауы, таңдауы да өзінің сүйікті ұстазы, ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Әлмәнбет Ильясовтай ұстаз болу еді.

Жандәулет Жәдиев ата-анасының ақ батасын алып, талап қылып, Қызылорда қаласына жол тартты. Облыс орталығындағы мұғалімдер даярлайтын жалғыз оқу орны – Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына құжаттарын тапсырды. Сынаққа жақсы дайындалғанымен, күдікте басым. Әйтсе де сырықтай ұзын бойлы, қағілез денелі бозбала жігіт дегенмен өз біліміне үміт артқан-ды.

Ауыл баласы отбасына қуанышпен оралды. Сабырлы әке салқынқандылықпен қарсы алды. Ортаншы ұлын құшағына қысып тұрып, «Қуаныштымын, енді оқуыңды жақсы оқуың керек, мен саған сенемін», - деді. Бетінен аймалай өпті.

Жандәулет аға туған ауылдан әкесінің сенімін арқалап қайтты. Әке үмітін ақтау үшін институтты жақсы оқып бітіруге талпынды. Лекцияларға үзбей қатысып, кітапханаларда сағаттап отырып, кітап парақтап, математиканың тылсымын терең меңгеруге құлшынды. Зерделі студент қатарластары арасында қабілеттілігімен танылды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Озат студент ретінде суреті институттың құрмет тақтасына ілінді. Институтты бітіргенде де үздіктер қатарынан көрінді.

Болашақ математик жігіттің домбырамен қазақтың күйлерін шебер орындайтыны өз алдына әңгіме.

1961 жылы Жандәулет Жәдиев жоғары оқу орнын бітіріп, аққудай серігі Балхия есімді әсем бойжеткенді ертіп, туған аулы Арандыға оралып, ата-анасын қуанышқа бөледі. №25 орта мектепте алғашқы еңбек жолын бастап, бір жыл Отан алдындағы борышын өтеп келіп, «Майлыбас» аулындағы №78 мектепке мұғалім болып орналасты. Білімді, іскер, ұйымдастырушылық қабілетімен қоса талапшылдығы басым жас ұстаз назарға ерте ілікті. Көп ұзамай мектептің оқу ісінің меңгерушілігіне жоғарылатылды.

Алымды, шалымды ұстаз 27 жасында қазіргі «Көларық» аулындағы №190 орта мектепке директор болып тағайындалды. Жас директор алғашқы күндерден бастап мұғалімдерге талапты күшейтіп, оқу мен тәрбие үрдісіне жаңа қадамдар мен бағыттар енгізді. Шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие берудегі озық әдістемелерді үнемі қолдады. Мектептегі тәртіпке баса назар аударылды. Талап күшейтілген соң оның нәтижелері де көрініс тапты. Мектеп ұжымы азғана жылдардың ішінде аудандағы озат білім ордаларының қатарына қосылды. Нәтижесінде мектепте түрлі тақырыптардағы аудандық, облыстық білім қызметкерлерінің семинарларын өткізуге қол жеткізілді. Жылдар өте №190 орта мектеп аудандағы «Тірек мектебі», «Атаулы мектеп» қатарына енді.

Нақтырақ айтсақ, бұрын ауыл мектептерін медальмен бітірген түлектердің есімдері көп атала бермейтін. Үздіктер қатарының көпшілігін аудан орталығындағы мектептерді бітіргендер еншілейтін. Осыдан ақ олардың білімі жоғары деген қағидат кейбіреулердің ойында мықтап таразыланатын. Осы үрдісті Жандәулет Жәдиев басқаратын №190 орта мектептің педагогикалық ұжымы бұзды. 1986-1987 оқу жылында Майра Оралбаева, 1989-1990 оқу жылында Құралай Жәлімбетова, 1990-1991 оқу жылында Нұрсәуле Құрманова мен Айтолқын Жәкешова мектепті алтын белгімен бітіріп, ұстаздарды мол қуанышқа кенелтті. Әрине, бұл ауыл мектебінің айтарлықтай жетістіктері деп мақтана айта-тын қуаныш.

Ұзақ жылдар мектеп директоры болған Жандәулет Жәдиевтің мектеп басқарудағы, ұстаздық қызметі жайлы шәкірттері мен әріптестері кезінде жылы лебіздерін

білдірген екен. Соны қаз-қалпында берейік.

Гүлсім Мағауия, Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі:

- Мен еңбек жолымды Жандәулет ағайсыз елестете алмаймын. Біздің мектепке ағайымыз басшылық еткен уақытта ұжымымыз ауданға, облысқа белгілі алдыңғы қатарлы оқу ордасы болды. Ол кісі біздің жұмысымыздан тиянақтылықты, жинақылықты, білімділікті қатаң талап ететін. Сонымен қатар, бізге берілген тапсырманы уақытында орындауды нақты үйретті.

Бибісара Арыхова, шәкірті, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі:

-Мен Жандәулет ағаның шәкіртімін. Ол кісі өте білімді, қай пәннің де әдістемесін жақсы білетін. Білікті басшы болды. Мен Жандәулет ағайдай ұстаз болуға талпындым. Сондықтан мұғалімдік мамандықты таңдап, шәкірттер тәрбиеледім. Мектептің барлық жетістігі ағайдың еңбегімен астасып жатыр.

Мира Қарашаева, I санатты бастауыш сынып мұғалімі:

- Мен оқушы кезімнен ағайды үлгі тұттым. Шәкіртімін. Осы мектепте еңбек жолымды бастадым. Нақтысын айтсам, ағай өз ісінің шебері, ұстаздар әулетінің басшысы, ақылшысы. Өмірде өз орны бар, шоқтығы биік тұлға.

Иә, жоғарыда шәкірттері айтқандай Жандәулет Жәдиев ұжымына қадірлі, абыройлы мектеп басшысы болды. Ол №190 мектепті 21 жыл басқарған. Білікті азамат мектеп басшылығынан қол үзіп, аудандық партия комитетінің нұсқауымен 5 жыл қазіргі Жанқожа батыр аулы, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың партия комитетіне (1970-1975жж) жетекшілік етті. 1991-1994 жылдары «Көларық» (қазіргі Ақтан батыр аулы) ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды.

Ауылдың ардақты азаматы Жандәулет аға білім саласындағы жемісті еңбектері үшін лайықты марапаттарға ие болды. Екі мәрте КСРО Білім министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. Оның аудан мұғалімдері атынан 1988 жылы Москвада өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық VI съезіне делегат болып қатысуы үлкен сенім, мәртебе, ардақты ұстазға деген ерекше құрмет.

Жандәулет Жәдиевтің отбасын ұстаздар жанұясы десек артықайтқанымыз емес. Өйткені абыз ағаның зайыбы Балхия Оразбаева талай шәкірттерді үлкен өмірге қанат қақтырған ауданға белгілі ардақты ұстаз. Оқушыларға білім мен тәрбие



берудегі жоғары жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасының Жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері.

Қос ұстаздың сүйікті ұлы Жаңаберген Жәдиевтің мамандығы да мұғалім. Ата-анасының өнегесімен мұғалімдікті таңдаған. Сол әкесі басшылық еткен №190 мектепте ұстаздық қызмет атқарады. Қарапайым қатардағы мұғалім ғана емес, «үздік технология пәнінің мұғалімі» атағын иеленген, әріптестері арасында абыройлы азамат. Зайыбы Перуза Сәндібек бастауыш сынып мұғалімі. Сүйікті қызы Ақмарал Жандәулетова Қызылорда қаласындағы М.Сужиков атындағы №6 орта мектеп директорының орынбасары болып қызмет атқарады. Жандәулет ағаның немерелері: Саян, Айдана, Таңшолпан мамандық таңдауда ата жолын үлгі тұтты.

Білім саласының ардагері Ж.Жәдиев 1993 жылы зейнет демалысына шыққан соң да қоғамдық жұмысты жалғастырды. Ауылдағы ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметіне сайланып, ақылшы аға ретінде үлкен-кішіні жарасты өмір салтына бейімдеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болуға, ауылдастарын жақсылықтың жаршысы болуға ұйыстырды. Өнегеліктің өрісін кеңейтуге бастамашы болды.

Өкініштісі, Ақтан батыр аулының ардақты ақсақалы, талайға қамқор болған айтулы азамат Жандәулет аға мен зайыбы Балхия жеңгеміз бұл күнде өмірде жоқ. Дегенмен, олардың асыл бейнесі оны білетіндер мен шәкірттерінің жадында сақтаулы.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қызылша-бұл вирус тудыратын, ауа тамшылары арқылы берілетін жедел жұқпалы ауру. Көптеген ғасырлар бойы өлім-жітімнің жоғары болуына байланысты қызылша балалар арасында ең қауіпті аурулардың бірі болып саналды. Егер бұрын қызылша балалар инфекциясы болса, бүгінде онымен ересектер де ауырып, инфекция барлық жастағы адамдарды да қамтуда.

Инфекция науқаспен байланыста болған кезде науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады.

Инкубациялық кезең 7-ден 17 күнге дейін созылады. Науқас инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің 4-ші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде айналасындағы адамдарға жұқпалы болады. Катаральды

кезеңде қызылшаның бастапқы белгілері респираторлық инфекция түрінде байқалады, яғни, дене қызуының 38,0 0 - 39,0 С, кей жағдайда 40,0 С-қа дейін көтеріліп, бас ауырады, жөтел, мұрыннан су ағып, тамақ ауырады. Ұйқышылдық пен тез шаршау, әлсіздік пайда болады. Бұл белгілерден соң науқаста қызылшаның негізгі симптомдары-тістердің түбінде, аузында айналасы қызарған ерекше бөртпелер пайда болады. Осы бөртпелерге қарап ауруды ерте диагностикалауға және науқасты уақытылы оқшаулап, дер кезінде емін беруге болады. Бөртпелер бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, одан кейін дененің төменгі бөлігіне және аяққа дейін бүкіл денеге тарайды. Ұсақ қызғылт бөртпелер тез ара-

да үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді. 3-4 күннен соң бөртпелер қайтып, орнында қоңыр дақтар қалады, олар екі аптадан кейін кетіп, тері қайта тазарады.

Егер сіз немесе сіздің балаңыздан жоғарыда аталған ауру белгілерін байқасаңыз тез арада үйге аймақтық дәрігерді немесе жедел жәрдем қызметін шақыртыңыз. Емханаға өз бетіңізше бармаңыз, өйткені қызылша ауруын басқа адамдарға жұқтыруыңыз мүмкін. Жөтелгенде, түшкіргенде бетперде киіңіз, қолыңызды сабындап жуып, антисептик қолданыңыз!

Құрметті ата-аналар! Өзіңізді және балаларыңызды қызылша ауруынан сақтаудың тиімді жолы осы жұқпаға қарсы ектіру екенін айта келіп, алғашқы қызылшаға қарсы егу 12 айлықта, қайталап

егу 6 жаста жүргізілетінін естеріңізге саламыз. Сондай-ақ, қызылшамен бұрын ауырмаған немесе вакцинацияланбаған науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдарға да эпидемиологиялық көрсеткішке сәйкес қызылшаға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді. Керісінше, егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары. Сондай-ақ, олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермес үшін уақытында екпе алу керек.

Жазира ҚАРАШАЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес барлық үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі жөніндегі мәліметтерін жыл сайын ағымдағы жылдың 31 наурызына дейін электрондық есептілік нысанын <https://esep.govtc.kz/> веб-порталына электрондық

цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып уақытылы толтыру керектігін хабарлайды.

Мәліметтер Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылады. Негіздемесі «Үкіметтік емес ұйымдармен өз

қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы №51 бұйрығы. «ҰЕҰ Дерекқорына» ұсынбау,

уақытылы ұсынбау және анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну ҚР ӘҚБТК-нің 489-1-бабына сәйкес тиісті әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделгендігін ескертеді.

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСТЕ САҚТАҒАН ЖӨН

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

-отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа);

-электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электр жүйелерінің көнеруі,

аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

-балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау);

-өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112»

телефондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

-өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

-өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 2 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған

электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.